ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ РЕСПУБЛИКАҒА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТІ

# Қазақ университеті

№ 10 (1325) 23-желтоқсан, 2003 жыл

Газет 1948 жылдың 20 сәуірінен шыға бастады



## Мерекелік лебіз



**Құрметті әріптестер!**
**Қадірлі студенттер қауымы!**

Баршаңызды алда келе жатқан Жаңа Жыл мерекесімен шын жүректен құттықтаймын! Өткен жылдың еншісінде қалған Қой жылында тәуелсіздіктің туын желбіретіп, мерейімізді үстем еткен жарқын тұстарымыз ауыз толтырып айтарлықтай десем, артық кеткендік болмас. Бір қуанарлығы, қарбалас сәтке толы, тәуекелі басым жылдардан абыроймен өтіп, жас мемлекетіміздің қалыптасу жолында алған белес, бағындырған биіктері көз тойдырып, көңіл қуантарлықтай.

# Мешін жылы берекесін әкелсін

Аллаға шүкір, тәй-тәйдан бастап талай-талай асулардан асып, өзіндік жолы, сипаты бар ынтымақты елге айналдық. Ең бастысы, ішкі тұрақтылық пен сыртқы татулықты басты ұстаным етіп келеміз. Бұл бізді баянды болашаққа жетелейді. Кез келген қазақстандық азамат Отаны үшін өз үлесін қосқаны абзал. Ендеше, әлемнің екінші ұстазы атанған Әбу Насыр әл-Фараби атын иемденген киелі қарашаңырақта білім нәрімен сусындап жатқан әрбір студент өзінің алдына "Мен қайда жүрмін, нені мақсат етемін, жарқын келешек үшін не істеу керек?" деген сұрақтарға жауап іздеп, осылардың шешімін саналы түрде тапқаны оңды.

Өздеріңізге мәлім, биыл университетіміз 70 жылдық мерейтойын тойлағалы отыр. Осы уақыт аралығында төл оқу ордамыз талай жетістіктерге қол жеткізді. Әрине, бұл университет қабырғасында оқып жүрген студенттер мен дәріс беруші ұстаз-ғалымдар-еңбегінің жемісі. Олай болса, Сіздер, бүгінгі студент, ертеңгі мамандар, еліміздің еңсесін көтеріп, Қазақстанның мәртебесін өсіруді қашанда отан алдындағы басты парызым деп сезінулеріңіз керек. Сонда ғана біз рухы биік, босағасы берік, әлемде өз орны бар белгілі мемлекеттер қатарына кіреміз. Осы мақсатта болашақтың қожасы Сіздер, жолдың алысы болса да, жүктің ауыры болса да, бәрін жауапкершіліктеріңе алып, сол жолда аянбай еңбек етулеріңіз керек. Себебі, ел ертеңі білімді ұрпаққа тәуелді. Демек, ардақты ағайын, өткенімізді ой елегінен өткізіп, барымызды екшеп, жоғымызды іздеп, тұтастықты, ынтымақтастықты сақтауға ерен еңбегімізді арнайық.

Жаңа Жылдарыңыз құтты болсын, ардақты ұстаздар мен студенттер қауымы! Сан жылдар аңсаған Тәуелсіз Қазақстанның болашағы жарқын болсын. Басымызға құт-береке, бақ қонсын. Көңілімізге тек қана күннің сәулесі толсын. Осынау мешін жылында еліміздің ынтымағы берік болғай. Жаңа Жылда баршаңыз жаңа табыстарға қол жеткізіп, ғылыми-шығармашылық жұмыста, оқу-білімде үлкен жетістіктерге кенеліңіздер.

Әрқашан көңілдеріңізге шаттық, отбасыларыңызға береке-бірлік тілеймін!

**Өздеріңізге деген зор құрметпен**
**әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің ректоры**
**Т.Ә.ҚОЖАМҚҰЛОВ**



## Воспитательная работа

# С НАРКОМАНИЕЙ НАДО БОРОТЬСЯ ВСЕМ МИРОМ

*Наркомания — одна из главных проблем нашего общества, всех стран мира. Она съедает общество изнутри, не щадит никого. Это страшная болезнь, с которой надо бороться сообща, всем миром.*

*Журналисты "Казахстанской правды" в статье "Анаша из вузовской столовой", опубликованной 2 декабря 2003 г., рассказали, что в одном из ведущих вузов страны можно запросто купить наркотики. По словам авторов публикации, это не был "наезд" на конкретный вуз, это была всего лишь картинка, показывающая, что наркотическая язва не только существует, но и процветает. Реакция читателей была просто фантастической, люди повсюду обсуждали этот материал, звонили в редакцию "КП". В нашем университете 9 декабря состоялось заседание ректората, на котором проректор по языкам и воспитательной работе* ***Н.О.Омашев*** *выступил с сообщением* ***"О состоянии вопроса профилактики наркомании в Казахском национальном университете им. аль-Фараби в текущем году".***

*В связи с этим мы публикуем основные положения выступления Намазалы Омашевича по данной проблеме.*

**ЧЕСТЬ МУНДИРА?**

...Публикация вызвала резонанс и в других вузах страны. Как сказали председатель профкома студентов "Сункар" Казахского национального университета им. аль-Фараби Л. Кайыпова и проректор по языкам и воспитательной работе Н. Омашев, своей акцией "Казахстанская правда", "взяла на себя смелость и мужество вскрыть очень болезненную проблему нашего общества". Сейчас, отмечается в их письме, в КазНУ планируется проведение заседания "круглого стола", в ходе которого по поднятой нашей газетой проблеме выскажутся студенты.

**"Казахстанская правда", 4 декабря 2003 года**

**Уважаемые коллеги!**

На прошлой неделе все мы стали свидетелями того, какой резонанс получила в обществе статья "Анаша из вузовской столовой", опубликованная в газете "Казахстанская правда" 2 декабря 2003 г.



Акция журналистов нашла серьезную поддержку и со стороны Президента страны Н.А. Назарбаева, который в своей резолюции указал двум министерствам принять необходимые меры, а газете — продолжить начатую работу.

Уже в следующем номере от 4 декабря 2003 г. газета "Казахстанская правда" напечатала отклик КазНУ им. аль-Фараби, который первым из вузов отозвался на эту злободневную проблему, поднятую в статье.

Такая быстрая реакция нашего университета на публикацию обоснована не желанием "засветиться" в прессе, а владением ситуацией и активной работой по предупреждению наркомании среди студентов.

В КазНУ им. аль-Фараби давно и серьезно ведется профилактика распространения наркомании и СПИДа среди студентов. Этот вопрос руководство университета и лично ректор Толеген Абдисагиевич Кожамкулов держат в зоне особого внимания.

В текущем году в этом направлении, по нашему мнению, проделана большая работа. В мероприятиях, пропагандирующих борьбу против наркотиков и здоровый образ жизни, принимали активное участие руководство университета, факультеты и подразделения университета, студенческие советы в общежитиях, отряды правопорядка, студенческие общественные организации. Остановлюсь на наиболее значительных и ярких примерах.

В урочище Медеу в июне проведены спортивно-массовые старты "Баспалдак-2003" в рамках акции "Молодежь и дети против наркотиков" при совместном участии Алматинского городского совета по туризму и спорту и редакции газеты "Вечерний Алматы". В этом массовом мероприятии приняли участие ректор университета, проректора, все деканы факультетов и около тысячи студентов.

И еще один пример. Совсем недавно, в ноябре этого года, студенты нашего университета совместно с Национальным центром проблем формирования здорового образа жизни, городской прокуратурой и прокуратурой Бостандыкского района провели молодежную акцию "Студенты КазНУ против наркотиков!", которая завершилась актом сожжения наркотических средств на площади перед Дворцом студентов им. У.А. Джолдасбекова. Эта акция широко освещалась средствами массовой информации ("Казинформ", "Казахское радио", ТРК "Казахстан", "ЮСА", газеты "Казахстанская правда", "Егемен Қазақстан" и др.). Главной целью всех культурно-массовых и спортивных мероприятий является привлечение студентов к общественной жизни и здоровому образу жизни.

**Продолжение на 3 стр.**


**БҮГІНГІ САНДА:**



ҰЛТ ДАУСЫ ҚАЛАШЫҚТА ҚАЛЫҚТАДЫ — 4-5-беттер



ВЫСОКОЕ ЗВАНИЕ - ПРОФЕССОР — 6 стр.



ЖАСТАР НЕГЕ ЖҰМЫССЫЗ? — 7-бет



## ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС

*2003 жылғы 25 қарашада өткен Ғылыми Кеңестің кезекті мәжілісінде Халықаралық қатынастар факультетінің деканы Е.Б.Жатқанбаевтың баяндамасы және комиссия төрайымы Ғ.Ж.Ибраеваның қосымша баяндамасы басты мәселе ретінде аталып өтті. Сондай-ақ, университеттің ақпараттық инфрақұрылымының жай-күйі және даму болашағы туралы Оқу-есептегіш орталығының бастығы У.Ә.Токеевтің ақпары, ҚазҰУ-дің мерейтойына дайындық барысы жөнінде Бірінші проректор З.А.Мансұровтың мәлімдемесі жоғары деңгейде талқыланды. Және де Ғылыми Кеңес қаулыларының орындалу барысын қадағалау бойынша Тарих факультетінің деканы Ж.Қ.Таймағамбетовтің ақпары, диссертациялық кеңестердің жұмысы және оны жетілдіру жолдары жөнінде Ғылыми жұмыс жөніндегі проректор А.И.Купчишиннің хабарламасы тыңдалды.*

## РЕКТОРАТ

*Желтоқсан айының 9 күні өткен Ректорат мәжілісінде Тіл және тәрбие жұмысы жөніндегі проректор Н.О.Омашевтің 2003 жылғы 2 желтоқсанда "Казахстанская правда" газетінде жарияланған "Анаша из вузовской столовой" атты мақаласын талқылау қорытындылары, Тіршілік әрекетінің қауіпсіздігі кафедрасының жұмысы жөнінде оның меңгерушісі З.Х.Ахмедиеваның есебі және комиссия төрағасы С.Б.Қуаншыбаевтың қосымша баяндамасы тыңдалды. Сонымен қатар, Оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректор Ж.Д.Дәдебаевтың әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің оқытушы-профессорлар құрамының XXXIY мерейтойлық ғылыми-әдістемелік конференциясына дайындығы жөнінде, Оқу-әдістемелік басқарма бастығы Н.А.Асановтың қысқы сынақ-емтиханға әзірлік туралы хабарламалары тыңдалды.*

● *Мерейтой*

# Ханғали Сүйіншәлиев 85 жаста

12 желтоқсан күні әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің Филология факультетінде филология ғылымдарының докторы, профессор Х.Сүйіншәлиевтің 85 жылдық мерейтойына байланысты "Х.Сүйіншәлиев және қазақ әдебиетінің келелі мәселелері" атты республикалық ғылыми-теориялық конференция өтті.

Ханғали Сүйіншәлі – республикаға танымал әдебиетші, көрнекті ғалым, тәжірибелі педагог. Республикамыздың жоғарғы оқу орындарына еңбегі сіңген қайраткер. Ұлы Отан соғысының ардагері, Журналистер Одағының мүшесі.

1953 жылдан қазірге дейін әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде дәріс оқиды. Ол 400-ден астам ғылыми еңбектердің авторы. Солардың ішінде 15 зерттеулер (монография), 30 оқулық, сыни кітапшалары бар.

Конференция "Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері және Х.Ж.Сүйіншәлиев зерттеулері", "Әдеби мұра және қазіргі әдеби процесс" атты екі секция бойынша өтті. Конференцияға әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің Оқу-әдістемелік жұмыстары жөніндегі проректоры, ф.ғ.д., профессор Ж.Д.Дәдебаев, ҚР ҰҒА академигі З.Қабдолов, ф.ғ.д., профессор Т.Кәкішұлы, Филология факультетінің деканы, ф.ғ.д., профессор Қ.Әбдезұлы, Әжінияз атындағы Нөкіс мемлекеттік педагогикалық институтының профессоры Қ.Жұмажанов және тағы басқа ғалымдар мен оқытушылар қатысты.

Мерейтой иесін университет ректоры Т.Ә.Қожамқұлов құттықтады. Конференция материалдары мен баяндамалары өз алдына жинақ болып басылып шығатын болып келісілді.

**ҚазҰУ-дің Баспасөз қызметі**

# Ғалымға құрмет – ғылымға құрмет



19 желтоқсан күні әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Тарих факультетінде ғылым докторы, профессор, ұжым басшысы Жакен Қожахметұлы Таймағамбетовтің 50 жасқа толуына арналған Ғылыми Кеңестің кеңейтілген мәжілісі болып өтті.

Мәжілісті университеттің Тіл және тәрбие жұмысы жөніндегі проректоры, ф.ғ.д., профессор Намазалы Омашев сөз сөйлеп ашып, ректорат атынан құттықтады. Мәжілісті т.ғ.д, профессор Қ.Қаражан жүргізді. Т.ғ.д., профессор Талас Омарбеков мерей той иесінің ғылымға қосқан үлесі мен ғылыми шығармашылығы туралы баяндама жасады. Сондай-ақ, жиынға Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнография институтының директоры Мәмбет Қойгелдиев, белгілі ғалымдар Кеңес Нұрпейісов, Е.Уәлиханов, Ә.Марғұлан атындағы Археология институтынан З.Самашев, О.Исмағұлов, Жоғары Аттестациялық Комиссия төрағасының орынбасары Н.Қалабаев және университеттің бірқатар факультеттерінің декандары, Алматыдағы көптеген жоғарғы оқу орындары мен ғылыми мекемелерінің өкілдері қатысып, Жакен Қожахметұлының ғылымдағы асқан белестері жайлы ыстық ықыласты лебіздерін білдірді.

19 монография, жоғары оқу орындары мен мектептерге арналған бірқатар оқулық әрі 150-ден астам ғылыми еңбектер жазған Жакен Таймағамбетовтің әлі де ғылымға қосар үлесі мол болмақ. Тиянақты да тыңғылықты зерттеулермен айналысатын ғалымның жеткен жетістіктері туралы айтылар сөз әлі алда.

Мәжіліс барысында ғалым Жакен Қожахметұлының ғылыми шығармашылығы мен өмір белестерінен дәйектемелер нұсқалайтын кітап және фотосуреттер көрмесі ұйымдастырылды.

**Жарылқасын ЖАППАСОВ**

● *Дөңгелек үстел*

# БАҚ-тың даму ағымдары мен қазіргі ахуалы талқыланды

**Бұқаралық ақпарат құралдарының ағымдағы проблемалары қашанда күн тәртібінен түспей келе жатқан келелі мәселелердің бірі. Осының бір айғағындай 27-28-қараша күндері әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде «Алматы 10+ : азаматтық қоғам, тәуелсіз баспасөз және этика» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді. Бұл шара ЮНЕСКО істері жөніндегі ҚР Ұлттық комиссиясының қолдауымен ұйымдастырылды.**



Оны әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің Тіл және тәрбие жұмысы жөніндегі проректоры, ЮНЕСКО-ның Орта Азия мен Қазақстан бойынша профессоры Н.О.Омашев кіріспе сөзбен ашып, жүргізіп отырды. Бұл жобаның мақсаты соңғы он жылдағы еліміздегі бұқаралық ақпарат құралдарының даму ағымдары мен қазіргі ахуалын талқылап, БАҚ-тардың жаңа азаматтық қоғам талаптарына сай келу критерийлерін белгілеу болды.

Қазір елімізде 1937 БАҚ бар, оның 1249-ын газеттер құрайды. Басқосуда журналистердің кәсіби дайындығын арттыру, ақпарттың еркін ағымын қалыптастыру, журналистердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, қоғамдық телерадиохабарларды таратуды, сонымен бірге, кәсіби тәуелсіз Ассоциацияларды, Одақтарды дамыту, экономикалық қиыншылықтарды анықтап, одан шығудың жолдарын қарастыру мәселелері басты тақырып етіп алынды. Әсіресе, БАҚ туралы заңды жетілдіру тұрғысында көп ойлар айтылды.

Соңғы уақытта БАҚ туралы Заң талқыға көп түсуде. Жақында ғана Мәжілісте "Бұқаралық ақпарат құралдары туралы" Заң жобасы Салыстырма кесте бойынша қайта талқыға түскен болатын. Бұл жолы Салыстырма кестеге қоғамдық ұйымдардың ұсыныс-пікірлері жеке топтастырылды. Онда 129 позиция бар екен. "Бұқаралық ақпарат құралдары туралы" Заңға БАҚ принциптері деген жаңа бап енгізілді.

Дөңгелек үстелге журналистер құқығы жөніндегі мәселелермен айналысатын жетекші мамандар, алыс шетелден, оның ішінде Ресей мен Орталық Азия республикаларының БАҚ саласындағы зерттеулермен айналысатын ғалымдары, Парламент және Ақпарат министрлігінің өкілдері, сондай-ақ, БАҚ басшылары қатысты. Атап айтсақ, Қазақстандағы АҚШ елшілігінің пресс-атташесі Фэлэйс Ричард, БАҚ-тың баспасөз саласы бойынша аймақтық кеңесшісі Джордж Крымский (АҚШ), Өзбек мемлекеттік әлем тілдері университетінің доценті Толқын Ешбек, Тәжік мемлекеттік университетінің профессоры Абдусаттар Нуралиев, Қырғыз мемлекеттік университетінің профессоры Жұлдыз Бақашева, Қырғызстан Журналистер Одағының төрағасы, Парламент аппаратының жетекшісі Әбдіқадыр Сұлтанбаевтар аталған тақырыптарды өзара талқыға салды. Қырғызстаннан келген арнайы өкіл Ж.Бақашеваның айтуынша, қазір қырғыз газет-журналдарының 20 пайызы қазақ тілінде жарық көреді екен. Бұл, әрине, біздер үшін қуантарлық жайт.

Отырысқа Астана қаласынан Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессорлары Ақселеу Сейдімбек пен Амантай Шәріп те қатысты. Ақселеу мырзаның айтуынша, кейінгі жылдары елордадағы төртінші билік өкілдерінің саны күрт өскендігі байқалады. Нақтырақ айтсақ, Астанада ресми тіркелген БАҚ-тың саны 100-ден асып кетеді. Олардың ішінде 31 газет, 39 журнал, 3 ақпарат агенттігі, 5 телерадиокомпания тұрақты жұмыс істейді. Сонымен қатар, басқа облыстарда жарық көріп жатқан аймақтық және халықаралық басылымдардың да тілшілері тіркелген. Бұларды қаржыландыру көздеріне келсек, БАҚ-тың 64 %-ы жекеменшік, яғни тәуелсіз болса, 36 %-ы мемлекеттің қаржыландыруымен жарық көріп отыр.

Сонымен, БАҚ өкілдерінің тағы бір отырысы аяқталды. Алда әлі сәуір айында өтетін журналистердің III Еуразиялық медиафорумы бар...

**Р. БӨЛЕБАЙ**

● *Конференция*

# Лизинг по-казахстански



Совершенствование лизингового законодательства в Казахстане, зарубежный опыт развития и правового регулирования лизингового бизнеса, особенности и опыт развития лизинга в отдельных отраслях, сферах и секторах экономики Казахстана – эти вопросы стали темой обсуждения для участников конференции, проведенной 11 декабря в КазНУ им. аль-Фараби.

Международный "круглый стол" "Лизинг в Казахстане: опыт, проблемы и перспективы развития", приуроченный к 70-летию университета, включил вопросы развития лизинга в сельском хозяйстве, промышленности, на транспорте, в строительстве, сфере услуг и в секторе малого и среднего предпринимательства, а также проблему совершенствования механизма финансирования и кредитования, налогообложения, учета, экономического стимулирования, уменьшения рисков лизинговых сделок, и формирования оптимального портфеля лизинговых проектов.

В работе конференции приняли участие заместитель генерального секретаря ЕврАзЭС, д.э.н. С.Д. Примбетов, менеджер проекта по развитию лизинга в Центральной Азии ЮСАИД–МФК Рейчел Фриман, директор Департамента малого бизнеса акимата Алматы С.А. Туржанов, помощник торгового атташе Посольства США в Казахстане Оксана Чукреева, координатор программы SABIT по Центральной Азии Посольства США в Казахстане Банат Ашкенова, представитель проекта по развитию лизинга в Казахстане ЮСАИД–МФК Р.С. Ошакбаев, президент ОАО "БТА Лизинг", к.э.н. Л.С. Асабаева и другие.

**Соб. корр.**

● *Сатира*

# Көпен күлкі сыйлады



"Ара" - ара болады, шаққан жері жара болады" деген тақырыпта 3 желтоқсан күні Ө.А.Жолдасбеков атындағы Студенттер сарайында сықақшы-пародист Көпен Әмірбектің әзіл-сықақ кеші болып өтті. Әдетте Республика сарайында өтіп жүрген бұл кештің Студенттер сарайында өткізілуінің де өзіндік себебі бар.

Биыл әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне 70 жыл толып отырғандығы баршамызға аян. Төл оқу орнының ректоры Төлеген Қожамқұлов Наурыз тойына республикалық газет-журналдардың редакторларын шақырғанда, тәй-тәй басып жарық көріп келе жатқан "Ара" журналының кешін осы Студенттер сарайында өткізейік деген ұсыныс-тілек білдірген-ді. Оның уақыты осы күні жеткендей. Кештің ашылу салтанатында ректордың өзі кіріспе сөз сөйлеп, "Араға" ақ тілегін жолдады. Әзіл мен сықаққа құрылған бұл кеште жастардың Халықаралық "Шабыт" фестивалінің өткен жылғы бас жүлдегері Ақтөбенің "Екі езу" атты эстрадалық-миниатюралық театрының әзілкештері де өнер көрсетті.

Аталмыш кешті ұйымдастырудағы мақсат - "Ара" журналын көпшілік қауымға кең түрде насихаттау. Сондай-ақ, сатирамен елдегі келеңсіз оқиғаларды сынау.

Мен арамын, арамын
Ұйымдасқан қылмысты,
Іздеп жүріп табамын.
Сыбайласқан жемқорды,
Оңдыртпаймын, шағамын, -

деп, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың "Ұйымдасқан қылмыс пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті күшейту туралы" Жарлығына қолдау көрсету.

Жоспар бойынша енді "Аралықтар" Талдықорған және Тараз қалаларында тегін өз өнерлерін паш етпек.

Өз тілшімізден

● *Кездесу*

# Ақын қонақта болды

3 желтоқсан күні әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің Филология факультетінің М.Әуезов атындағы әдеби бірлестігінің ұйымдастыруымен көрнекті ақын, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Темірхан Медетбековпен кездесу мәжілісі болып өтті.

Кіріспе сөзді профессор Сұлтанғали Садырбаев сөйлеп ашып, ақын творчествасының кейбір ерекшеліктеріне тоқталды.

"Темірхан Медетбековтің өмірі мен шығармашылығы" деген тақырыпта профессор Жұмат Тілепов баяндама жасап, кездесу қонағының әдебиеттегі өзіндік қолтаңбасына, өлеңдеріндегі негізгі бағыттарға тоқталып, ғылыми тұрғыдан жан-жақты баға берді.

Әдеби басқосу барысында ақын жаңа туындыларын оқып, студенттердің сұрақтарына жауап берді.

**Гүлшат ӘБІКОВА**





Воспитательная работа

# С НАРКОМАНИЕЙ НАДО БОРОТЬСЯ ВСЕМ МИРОМ

Начало на 1 стр.

Если говорить подробнее об основных аспектах деятельности университета по профилактике наркомании среди молодежи, то нужно отметить, что в университете работают Комиссия по профилактике и предупреждению правонарушений и Координационный совет по вопросам формирования здорового образа жизни.

На территории университета действует отряд охраны правопорядка (ОПП) из числа студентов разных факультетов, который обеспечивает патрулирование территории студенческого городка до 23.00 часов с целью предупреждения, пресечения и выявления правонарушений, поддержание правопорядка на всей территории студенческого городка, включая общежития, а также во время проведения массовых мероприятий при тесном сотрудничестве с органами внутренних дел.

В каждом общежитии работают органы студенческого самоуправления – студенческие советы, в которые входят активные в общественной жизни студенты, проживающие в общежитии.

В общежитии №10 расположен и действует Здравпункт студенческого городка, который работает ежедневно с 9.00 до 18.00 час., кроме воскресенья.

В учебную программу кафедры ОБЖ включены аудиторные занятия по профилактике наркомании, ВИЧ/СПИДа и табакокурения.

На факультетах и в общежитиях постоянно проводятся "круглые столы", семинары, тренинги, встречи с представителями медицинских учреждений по проблемам наркомании. Например, на историческом факультете прошел вечер-карнавал и конкурс на лучший плакат на антинаркотическую тематику, юридический факультет провел научно-практическую конференцию "Молодежь против наркотиков" и лекцию "Наркотики и последствия их употребления".

Регулярно среди студентов проводится анкетирование для установления их общей осведомленности по проблемам наркомании.

Ежегодно в университете проводится профилактический осмотр студентов с обязательным участием врача-нарколога.



**Н.О. ОМАШЕВ, проректор по языкам и воспитательной работе КазНУ им. аль-Фараби**

Во Дворце студентов им. У.А. Джолдасбекова действуют 11 кружков художественной самодеятельности для организации досуга студентов.

В университете в настоящий момент работает в полную силу Молодежный духовный центр ("Жастар рухани орталығы"), который осуществляет свою деятельность по всем направлениям студенческой жизни.

На территории КазГУграда имеется спортивный комплекс КазНУ, в котором действуют секции по всем видам спорта, направленные на поддержание здорового образа жизни студентов.

Ежегодно в университете проводятся традиционные спортивные состязания: женская спартакиада, межфакультетская спартакиада, спартакиада между студенческими общежитиями, зимняя спартакиада, соревнования на кубок ректора, на кубок деканов факультетов по различным видам спорта.

В университете существует около 30-ти студенческих общественных объединений, работающих по различным молодежным направлениям.

4 ноября 2003 года наши студенты участвовали в конференции "Актуальные проблемы борьбы с наркоманией и создание движения против наркотиков среди студентов и школьников", организованной Министерством образования и науки Республики Казахстан в городе Астане, где они заняли 1-е и 3-е места.

> **ЧТОБЫ НЕ ПРОВАЛИТЬСЯ В БЕЗДНУ**
>
> ...Если некоторые студенты Евразийского национального университета имени Л. Гумилева резко выступили против журналистов "Казправды", позволивших себе, по их мнению, "опорочить крупнейший вуз страны", то представители не менее крупного вуза – Казахского национального университета имени аль-Фараби, напротив, поддержали акцию газеты, направленную на искоренение наркомании в учебных заведениях.
>
> "Казахстанская правда", 11 декабря2003 года

КазНУ им. аль-Фараби постоянно контактирует с такими профильными учреждениями, как Республиканский центр профилактики СПИДа, Национальный центр проблем формирования здорового образа жизни, а также ведет постоянное сотрудничество с наркологическим диспансером г. Алматы, акиматом и СЭС Бостандыкского района, прокуратурой и органами внутренних дел.

Студенты факультета журналистики сняли документальные фильмы "Монолог наркомана" и "Мнение специалиста", которые представляют собой два интервью двух людей, находящихся по обе стороны одной проблемы: наркозависимой женщины и специалиста Республиканского центра по профилактике СПИДа. Эти фильмы включены в лекционные и практические занятия кафедры ОБЖ на всех факультетах университета.

30 ноября 2003 г. во Дворце студентов им. У.А. Джолдасбекова был проведен заключительный этап первой студенческой эстафеты, организованной в рамках проекта "Здоровые университеты", в котором приняли участие международные эксперты, представители центрально-азиатских регионов, вузов г. Алматы и республики. КазНУ им. аль-Фараби был вручен Диплом за активную пропаганду здорового образа жизни среди молодежи.

По результатам проверки работы по профилактике наркомании, организованной по поручению акима г. Алматы В.В. Храпунова в ноябре нынешнего года, комиссия дала положительную оценку деятельности КазНУ им. аль-Фараби по предупреждению распространения наркомании в студенческой среде.

Завершая выступление, мне бы хотелось вновь вернуться к публикации в "Казахстанской правде". Во всех студенческих аудиториях КазНУ прошло обсуждение статьи, поднявшей серьезную проблему в студенческой среде. Это обсуждение продолжил "круглый стол" по проблемам распространения наркомании, который состоялся 5 декабря в Молодежном духовном центре и на котором высказали свое мнение по этому вопросу сами студенты.

Участники "круглого стола" приняли Обращение студентов КазНУ им. аль-Фараби ко всему студенчеству Казахстана и направили его в газету "Казахстанская правда". Главными пунктами этого обращения стали объединение усилий молодежи и противодействие наркомании, наркобизнесу среди молодежи, пропаганда здорового образа жизни, организация психологической и медицинской помощи, внесение предложений в Парламент об ужесточении мер в отношении лиц, распространяющих наркотические средства и психотропные вещества.

Думаю, что эту инициативу студентов следует рассматривать как главный итог не только этого "круглого стола", но и всей работы университета по профилактике наркомании среди студенческой молодежи, а также главную точку опоры для дальнейшей деятельности университета в этом направлении.

В заключение хочу сказать, что, не останавливаясь на достигнутом, мы должны совместными усилиями руководства университета, деканов и замдеканов факультетов, студенческих советов общежитий продолжить важную работу по предупреждению распространения наркомании среди студентов.

*Круглый стол*

# *"Молодежь и наркотики несовместимы!"*

Под таким названием 5 декабря 2003 года студенты Казахского национального университета им. аль-Фараби провели заседание "круглого стола".

**Цель данного мероприятия – способствовать пресечению распространения наркотиков в студенческой среде. Студенты, собравшиеся за "круглым столом", говорили о необходимости борьбы с явлением, которое негативно влияет на здоровье молодого поколения. Бездействие может привести к тому, что все больше студентов окажутся втянутыми в криминальную среду наркоманов. Все участники обсуждения за "круглым столом" высказали свое мнение и внесли ценные предложения.**



В этот же день в Астане прошел республиканский молодежный форум "Молодежь Казахстана против алкоголизма и курения!", организатором которого явилось Министерство культуры РК. В Форуме приняли участие более 300 человек: студенты, руководители организаций, представители общественных объединений и работники здравоохранения из всех регионов республики. По достоверной информации, в данное время по стране насчитывается более 17 тысяч спортивных клубов. На поддержание их работы в текущем году потрачено более 50 миллионов тенге из республиканского бюджета.

В КазНУ им. аль-Фараби недавно был образован Центр духовного развития. Одной из функций данного подразделения является усиление воспитательной работы с молодежью, направленной на борьбу с наркоманией, широкая пропаганда народных традиций, спортивных мероприятий, кропотливая работа со студентами, ступившими на кривой путь, дальнейшее ограждение их от опасных пристрастий.

**Наркомания – общемировая проблема. Поэтому все должны быть ответственны за здоровое будущее молодого поколения.**

В завершение своей работы участники "круглого стола" приняли Обращение к молодежи Казахстана.

**Н. САДЫКОВА**

# ОБРАЩЕНИЕ

**Мы**, студенты Казахского национального университета им. аль-Фараби, после публикации статьи "Анаша из вузовской столовой" в газете "Казахстанская правда" (2 декабря 2003 г.) обсудили данную проблему в каждой учебной группе и на заседании "круглого стола" по проблемам распространения наркомании среди студентов.

**Мы поддерживаем** акцию "Казахстанской правды" и обращение студентов факультета востоковедения нашего университета в газете "Жас Алаш" (6 декабря 2003 г.) и заявляем о следующем:

**Мы, подтверждая** нашу общую приверженность к стабильности нашего государства, высшей ценностью которого является человек, **выражая** готовность к сотрудничеству в целях дальнейшего развития стабильности, безопасности и процветания Республики Казахстан, составляющим элементом которого является здоровье будущего поколения, **стремясь** к последовательности реализации принципов построения общества, в котором молодежь будет занимать достойное место, **считаем своим долгом** развернуть широкую пропагандистскую работу против распространения наркомании среди своих сверстников и молодежи.

В этой связи **мы предлагаем**:

- объявить главной целью студенческого движения противодействие наркомании и наркобизнесу и пропаганду здорового образа жизни;
- активнее привлекать молодежь к организации и проведению различных мероприятий культурного, спортивного, познавательного и общественно значимого характера;
- широко и повсеместно организовывать мероприятия, направленные на развитие у молодежи духовности и чувства патриотизма и ответственности за будущее своей страны;
- организовать на страницах республиканской прессы и телевидения постоянные рубрики, посвященные проблемам наркомании;
- совместно с правоохранительными органами постоянно проводить в общежитиях университета лекции и беседы со студентами по данной проблеме;
- организовывать встречи-беседы со специалистами Наркологического центра;
- организовать "телефоны доверия", почтовые ящики (анонимные) для сообщения о фактах распространения наркотиков среди студентов и пресечения подобных фактов;
- постоянно информировать студентов путем проведения анкетирования, тренингов, семинаров, демонстраций документальных фильмов, рассказывающих об опасностях наркозависимости и т.д.;
- организовать в университетах кабинеты психологической помощи для тех, кто хочет преодолеть наркозависимость;
- внести предложение от студенческой молодежи РК в Парламент страны об ужесточении мер наказания в отношении лиц, распространяющих наркотические средства и психотропные вещества.

Наркомания – преграда развитию государства, поэтому мы должны бороться с этой преградой непримиримо, ожесточенно, настойчиво – за будущее Казахстана!





## Құттықтау сөз

Бүгін қазақтың білімі мен ғылымының, өнері мен тәлімді тәрбиесінің қарашаңырағы - әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің 70 жылдық мерейтойына арналған III "Менің Қазақстаным!" фестивалі ашылмақ.

"Білекті бірді жығады, білімді мыңды жығады" деген сөз бар қазақта. Өзінің 70 жылдық мерейтойын әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жастарға сапалы білім мен өнегелі тәрбие беруде үлкен жетістіктермен қарсы алып отыр. Сонымен қатар, ұлттық өнерімізді насихаттау, салт-дәстүріміз бен әдет-ғұрпымыздың желісін үзбей келесі ұрпаққа жеткізу — ең құнды парызымыз.

Биыл үшінші рет өткізгелі отырған "Менің Қазақстаным!" фестивалі жастарымыздың бойына отансүйгіштік, елжандылық қасиеттерді дарыту жағынан тағылымы зор мереке. Болашақта "Менің Қазақстаным!" фестивалінің Қазақстанның барлық ұлт өкілдері жастарының басын қосатын ынтымақ пен бірлік, нағыз жастық мерекесіне айналуына тілектеспін!



**Т.Ә.ҚОЖАМҚҰЛОВ, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің ректоры**

# ҰЛТ ДАУСЫ

Жалпы, әрбір ұлт пен халықтың әлем алдында өзін танытуы үлкен жауапкершілікті, асқан зеректік пен жігер-күшті талап етеді. Осы орайда әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің де атқарып келе жатқан еңбегі жетерлік. Өзіндік мақтанышымызға айналған, келешек тұғырымызды биікке көтеретін, әрбір ұлт өкілдерінің басын қосып, терең тарихымыз бен ұлттық өнерімізді насихаттау әрі тәуелсіздік мерекесін атап өту мақсатында желтоқсан айының 10-ы мен 12-сі аралығында Ө.А.Жолдасбеков атындағы Студенттер сарайында үшінші рет студенттердің "Менің Қазақстаным!" фестивалі болып өтті. Тіл және тәрбие бөлімі қызметкерлерінің ұйымдастыруымен өткен бұл фестиваль университетіміздің мәдени өмірінде дәстүрге айналған шара. Қарашаңырақ өзінің 70 жылдық ғұмырында жастарға сапалы білім, өнегелі тәрбие берумен қатар, ұлттық өнеріміз бен салт-дәстүріміздің желісін үзбей жалғастырып келеді. Мақсаты мен мұраты үндесерлік "Менің Қазақстаным!" фестивалінің білім ордамыздың жастары үшін беретін тағылымы ауыз толтырып айтарлықтай. Аталмыш фестиваль "Мәдени мұра" бағдарламасында көзделген ұлттық құндылықтарды қастерлеуге үйрететін тағылымы мол мерекелердің бірі. Фестиваль бағдарламасы үш күнге созылды. Сонымен...





Жүргізуші Ғалымжан мен Әсемгүл

## БІРІНШІ КҮН

Фестивальдің алғашқы күні ресми түрде осы маңызды шараның ашылу салтанымен басталды. Үш күн бойы дүрілдеп өтетін бағдарлама бойынша бұл күн "Тәуелсіздік - тәтті ұғым таңдайдағы" деген атпен тәуелсіздік мерекесіне арналды. Қашанда жүрекке эстетикалық сезім ұялататын университет хоры бұл жолы Т.Мұхамеджановтың "Заман-ай" әні бойынша "Ұлы көш" атты композициялық қойылым қойды. Осынау асқақ рух сыйлайтын дәстүрлі фестивальді университет ректоры, профессор, Т.Ә.Қожамқұлов пен қадірлі қонағымыз, Алматы қаласы, Бостандық ауданының әкімі Амангелді Каримуллин мырза құттықтау сөзімен ашып, барша көрермендерді ымыраынтымаққа, бірлікке шақырды. Бұл фестиваль ҚазҰУ-дің 70 жылдық мерейтойына арналғандықтан ретімен сахналанған қойылымдар бұл шараның маңыздылығын арттыра түсті.

Осы тұста сценарийде қарастырылмаған бір жәйт туралы айтқымыз келіп тұр. Концертте сахнаның ажарын келтіріп, өзінің сұлулығымен тәмам жұртты сиқырға бөлеп бір көгершін қалықтап ұшып жүрді. Бейбітшілік символы саналар әлгі сүйкімді құс Шәмші Қалдаяқовтың "Менің Қазақстаным" әні орындалғанда төменнен жоғарыға, жоғарыдан төменге құлдилай ұшып, өз қимылымен көрермен қауымды таңданыс сезіміне бөледі. Жиналған жұрт осы бір көрініске қайран қалып, өнер құдіретін, оның мазмұны мен сипатын түсіну үшін тіл білу, сөйлей білу шарт емес екенін түсінгендей әсерде болды. Себебі, Рух тілі ешқандай тілмәшті қажет етпейді. Осындайда ақын Ұлықбек Есдәулеттің Нұрғиса Тілендиевке арнаған өлеңіндегі:

*Аққуда ұлт болмайды,*
*Ұлт болса егер,*
*Аққуды ұлт ішінде қазақ дер ем,-*

деген тауып айтылған екі жол есіңе түседі екен.

Ал, осы күнгі бағдарламаның екінші бөлімінде "Мен ҚазҰУ-дің студентімін!" атты әуенді көрініс сахналанып, факультетаралық байқаумен жалғасын тапты. Жеребе бойынша рет-ретімен шыққан факультеттер өз салаларының қыры мен сырын танытып, несімен ерекшеленетіндіктерін айрықша сомдай білді. Олар шынында да ҚазҰУ-дің лайықты студенттері екендіктерін көрсете алды. Сонымен қатар, өздерінің мамандықтары бойынша таңдаған тақырыптары тек қана бүгіннің жақсы тұстарын ғана емес, қоғамның көлеңке жақтарын да толығымен сахналық көрініске айналдырды. Осы орайда әдемі әзілдерімен 14 факультетті сахнаға шақырған Студенттер клубының режиссері Ғалымжан Сайлаубековтың ерекше тапқырлығын байқауға болады. Ол сахнаның әрі мен нәрін келтіріп, жаңаша серпін берді. Фестивальде орындалған әндердің дені халық әндері болып, көрермендердің көз алдына бабаларымыздың көне заманын елестетіп, рухани байлық сыйлады. Қалай десек те, осы күні университетіміздің дарынды студенттері тек ғылым мен білім саласында ғана емес, сахна өнеріне де өздерінің шебер екендіктерін байқатты.

## ЕКІНШІ КҮН

Фестивальдің екінші күні "Мемлекеттік тіл - менің тілім!" атты өзге ұлт өкілдерінің арасындағы байқаумен жалғасты. Байқау барысында әр факультет өз өнерлерімен барынша мемлекеттік тіліміздің мерейін үстем етті. Сахнаға шыққан факультеттер ақтық сайыс болғандықтан, қатты толқып, намысты қолдан бермей жігерлерін қайрады. Бір-бірлерінен ерекшеленіп, топ жарып, дода бұзды. Әсіресе, Биология факультеті мен Филология факультетінің қойылымы көрермен жүрегіне жол тапты. Биология факультетінің сайыпқырандары қазақтың салт-дәстүрін әдіптеп "Қыз ұзату" қойылымымен баршаны тамсандырып тастады. Орыс тілді студенттердің ұлттық киімімізді киіп, көрік берген реңдері көпшілікті қуантып, қазақ тілінің мерейін көтергені танымдық тұрғыдан өте әсерлі шықты. Ал, Филология факультетінің сайыскерлері Парламент үйіндегі халық қалаулыларының қазақша сөйлемей, мәртебемізді түсіріп тұрғанын шынайы сахналағаны тіпті тамаша болды. Бүгінгі таңдағы тіл мәселесін осы қойылым арқылы аша білді. Ең бастысы, ана тіліміздің деңгейін барша қазақ армандап жүрген орынды көрініс болды. Біздің түйгеніміз, жарысқа қатысушылар қазақ тілі мемлекеттік тіл деңгейіне толыққанды жетіп, қазақстандық азаматтар қазақша сөйлеп, әлем қазақ тілін таныса деген символикалық ниетпен әсерлі көрініс жасау арқылы өзекті мәселеге серпіліс берді.

Сонымен, жалғасын тапқан екінші күнгі байқауда әрбір ұлт жастарының өз ана тілімен қатар өсіп-өнген өлке Қазақстанның мемлекеттік тіліне зор



***Осы тұста сценарийде қарастырылмаған бір жәйт туралы айтқымыз келіп тұр. Концертте сахнаның ажарын келтіріп, өзінің сұлулығымен тәмам жұртты сиқырға бөлеп бір көгершін қалықтап ұшып жүрді. Бейбітшілік символы саналар әлгі сүйкімді құс Шәмші Қалдаяқовтың "Менің Қазақстаным" әні орындалғанда төменнен жоғарыға, жоғарыдан төменге құлдилай ұшып, өз қимылымен көрермен қауымды таңданыс сезіміне бөледі.***



Сахналық көрініс

### Фестивальдан кейінгі ой

**Мақсат АРЫСТАНБАЕВ, Студенттер клубының директоры:**

Фестиваль, мәдени іс-шара дегенде алдымен есімізге тәрбие түсетіні анық. Осы ретте тәрбие бөлімі қызметкерлерінің жұдырықтай жұмылып жұмыс істеп келе жатқандығын айта кетуіміз керек.

Аталмыш фестиваль рухты, сезімді оята алды ма деген тараптан сөз қозғасақ, сахнаның шетінде отырып, мен біраз нәрсеге көз жеткізгендей болдым. Жастардың көзінен қуаныш нұрын, фестивальға ат салысып жатқанына риза болып тұрған қалпын аңғару аса қиын емес. Мыңдаған жастарды үш күн бойы "Менің Қазақстаным!" деген екі ауыз сөздің аясында ойландырып, саналарына отаншылдық дәнін septік. Осылайша, біз жастардың ішкі дүниесіне, рухы мен сезіміне қозғау салдық деп айта аламын.

Ал, "Тәуелсіздік - тәтті ұғым таңдайдағы" деген тақырыпта өткен байқау көпшілік қауымның жүрегін тебірентті. Оның үстіне, биыл ҚазҰУ-дің 70 жылдық мерейтойы. Осы сын сағаттың жақындауы біздің студенттердің белсенділігін арттырып, қажыр-қайратын жанып жатыр. Сондықтан, жастардың күшімен мәдени іс-шаралардың саны алдағы уақытта артатыны ақиқат. Ал, аталмыш фестиваль өзінің сара жолымен көшін жалғастыра беретініне сенімдімін.

## Научное открытие



В октябре 2003 года произошло очень важное событие в научной жизни не только Казахского национального университета им. аль-Фараби, но и всей казахстанской науки в целом. Международная ассоциация авторов научных открытий, Международная академия авторов научных открытий и изобретений, Российская академия естественных наук выдали доктору химических наук, профессору КазНУ им. аль-Фараби Х.К. Оспанову диплом N238 на открытие от 7 октября 2003 года "Закономерность изменения скорости растворения труднорастворимых минералов в комплексообразующих растворах и окислительных средах". Наша газета поздравляет известного ученого с этим событием и публикует материал его коллег по науке.

# ВЫСОКОЕ ЗВАНИЕ - ПРОФЕССОР

Признание научных достижений профессора Х.К. Оспанова и его научной школы такими известными и авторитетными организациями – это большая награда для химического факультета КазНУ им. аль-Фараби, заслуженная гордость всего профессорско-преподавательского состава университета, достойный вклад в научные достижения казахстанской науки и весомый потенциал этого открытия в международных научных и образовательных сообществах.

Хабибулла Кусаинович Оспанов родился 10 июля 1932 года в с. Торайгыр Баянаульского района Павлодарской области в семье служащего.

В 1950 году окончил среднюю школу и поступил на химический факультет Казахского государственного университета им. С.М. Кирова. После успешного окончания университета в 1955 г. был направлен преподавателем химии в среднюю школу п. Майкаин Павлодарской области. В 1956 г. стал совмещать работу учителя в школе с работой инженера в химической лаборатории комбината "Майкаинзолото". В 1958 г. был назначен ее начальником. В 1961 г. был приглашен доктором химических наук, профессором, деканом химического факультета КазГУ Б.А. Беремжановым в аспирантуру на химический факультет университета.

Научные интересы Х.К. Оспанова в эти годы формировались под влиянием таких крупных ученых, как член-корр. АН КазССР Б.А. Беремжанов, О.А. Сонгина и доцент З.Б. Рождественская. Под руководством последних в 1962-1964 гг. были проведены оригинальные научные исследования в области электрохимии унитиола и его комплексов. Полученные при этом экспериментальные и теоретические результаты были оформлены в виде кандидатской диссертации, которая была успешно защищена в 1965 году.

После защиты диссертации Х.К. Оспанов продолжал работать на кафедре химии редких элементов в качестве младшего научного, затем старшего научного сотрудника. В 1975 году поступил в докторантуру к проф. М.Х. Карапетьянцу при Московском химико-технологическом институте им. Д.И. Менделеева. В 1979 г. Х.К. Оспановым защищена докторская диссертация в Институте неорганической химии СО АН СССР (Академгородок, г. Новосибирск).

С 1983 г. Х.К. Оспанов – профессор и заведующий кафедрой физической химии и электрохимии. Он основал в Казахстане новые научные направления в области управления физико-химическими процессами, имеющих большое теоретическое и практическое значение как для исследователей науки, так и для технологов.

Х.К. Оспанов – академик Международной академии минеральных ресурсов, Нью-Йоркской академии, Академии минеральных ресурсов РК, заслуженный изобретатель КазССР и СССР. Является автором более 750 научных работ, из них более 90 авторских свидетельств на изобретения и патенты. Под его руководством подготовлены высококвалифицированные специалисты, в том числе 40 кандидатов наук и 5 докторов наук. Награжден значком "Отличник образования Республики Казахстан", серебряной и бронзовой медалями ВДНХ СССР, являлся государственным стипендиатом "Выдающийся исследователь" и "Выдающийся ученый" РК. В 2001 г. награжден медалью "Выдающийся ученый XXI века", Кембридж, Англия.

Им издано 20 учебников, учебных пособий и монографий, в том числе монография "Физико-химические основы избирательного растворения минералов" издана в 1993 в г. Москве.

Профессор, лауреат Нобелевской премии, директор Международного института физической химии, директор бельгийского "Термоцентра" Илья Пригожин отмечает: "Я восхищаюсь результатами Ваших работ, желаю дальнейших успехов в научной деятельности".

Все перечисленные данные характеризуют профессора Оспанова Х.К. как крупного ученого, педагога. Отличительной особенностью его характера является доброта, стремление помочь молодым ученым достичь определенных успехов в науке, в повседневной работе.

**А.К. Оспанова, д.х.н., профессор,**
**Р.А. Омарова, д.х.н, профессор**

***Конференция***

# XXI ВЕК: НОВЫЕ АКЦЕНТЫ ЭКОНОМИЧЕСКИХ РЕФОРМ

28-29 ноября 2003 года В КазНУ им. аль-Фараби прошла Международная научно-практическая конференция "Государство и бизнес в XXI веке", посвященная 70-летию Университета.



**Бодо ЛОХМАН, профессор Казахстанско-немецкого университета**

Основной задачей конференции явилось изучение проблем взаимодействия государства и бизнеса. Значение и интерес государственного управления как сферы профессиональной деятельности, области академической науки и профессионально-образовательной подготовки специалистов в настоящее время возрастает практически во всех странах. Либеральная политика западных стран породила процессы глобализации мировой экономики и открытости национальных экономик, что предопределяет новую роль государства, а также проблемы взаимоотношений государственного управления, администрирования, менеджмента и предпринимательства, государственного управления и управления бизнесом; выбора форм, методов и областей участия государства в управлении хозяйством стран; меры вмешательства государства в дела бизнеса; оценки эффективности участия государства в развитии предпринимательства.

Новые условия и особенности XXI века – интеграция, глобализация деловых систем, появление нового типа цивилизации – "информированное сообщество" – заставляют по-новому расставлять акценты на составляющие экономических реформ, а именно на эффективность государственного управления экономикой. Только высокоэффективное государство может управлять современной национальной экономикой и решать проблемы, рождаемые *социальной нейтральностью рынка.* Обоснованию этих направлений развития государства и бизнеса была посвящена работа конференции.

В ходе конференции был сделан акцент в первую очередь на проблемы управления, которые являются основным направлением деятельности кафедры менеджмента и бизнеса КазНУ им. аль-Фараби – организатора данного мероприятия.

Открыл конференцию первый проректор КазНУ им. аль-Фараби профессор З.А. Мансуров. А в ее работе приняли участие известные ученые-экономисты – профессор, д.э.н., ректор Евразийского института рынка А.Ш. Нурсеитов, профессор Б.О. Лохман (Германия), зам. директора РГП "Институт экономических исследований" А.Е. Мишимбаева, декан факультета экономики и бизнеса КазНУ им. аль-Фараби, профессор, д.э.н. Р.Е. Елемесов, профессор, д.э.н. К.Е. Кубаев и другие.

Выступления на пленарном заседании вызвали оживленную дискуссию и породили большое количество вопросов как со стороны участников, так и со стороны студенчества, что явилось доказательством важности и неоднозначности основных проблем, обозначенных конференцией.

Работа шести секций была посвящена следующим проблемам: теоретические проблемы взаимоотношения государства и бизнеса, проблемы децентрализации государственного управления и развитие самоуправления, совершенствование механизма государственного регулирования экономики, государство и бизнес в решении социальных проблем общества, фискальная политика государства и бизнес, роль государства и бизнеса во вхождении страны в мировую экономическую систему.

Отметим, что работа в некоторых секциях прошла в не совсем традиционной форме. Так, работа объединенных первой, второй и четвертой секций прошла в форме круглого стола, и в ней приняли участие около 40 человек, большую часть которых составили студенты старших курсов, заинтересованные развернувшейся дискуссией. Им была предоставлена уникальная возможность задать вопросы и получить исчерпывающие ответы от ведущих профессоров-экономистов не только КазНУ, но и других вузов Казахстана.

Как отметили сами участники, работу конференции можно считать успешной: каждый почерпнул для себя много полезной информации и получил возможность расширить связи и наладить взаимоотношения по научным и бизнес-интересам.

К.Е. КУБАЕВ, зав. кафедрой менеджмента и бизнеса, д.э.н., профессор

## Обзор прессы

# Читайте, слушайте, смотрите

Главной темой этого месяца стало обсуждение в средствах массовой информации одной из серьезнейших проблем нашего общества – распространения наркомании среди молодежи. Статья "Анаша из вузовской столовой", которой "Казахстанская правда" (2 декабря 2003 г.) начала акцию по выявлению фактов продажи наркотиков в вузах, вызвала серьезный резонанс в обществе. О том, что на эту статью первым среди вузов отреагировал КазНУ, сообщилось уже в следующем очередном номере газеты ***"Казахстанская правда" (4 декабря, 2003 г.)***, а полный текст отклика был опубликован в ***"Казахстанской правде" 11 декабря 2003 г.***

Сами же студенты обсудили статью в группах и провели "круглый стол", на котором было решено принять и направить в "Казахстанскую правду" Обращение студентов КазНУ к студенчеству страны (**05.12.03 г. –** ***Казахское радио, КТК, НТК***). Студенты факультета востоковедения опубликовали свой отклик на эту тему в газете ***"Жас алаш" (6 декабря, 2003 г.).***

Под эгидой ЮНЕСКО в КазНУ им. аль-Фараби состоялись два важных события международного уровня – Международная научно-практическая конференция "Роль университетов в развитии цивилизации в XXI веке", посвященная 70-летию КазНУ и международный "круглый стол" "Алматы 10+: Гражданское общество, свободная пресса и этика". О первом событии интервью для СМИ дали участники конференции ректор КазНУ Т.А. Кожамкулов, профессор Казахстанско-немецкого университета Бодо Лохман и др. ***(ТА "Казинформ", Казахское радио, КТК, НТК, "Тан", газета "Новое поколение" – 5 декабря 2003 г.).*** Актуальность темы международного "круглого стола", посвященного вопросам развития независимых СМИ и свободы слова в Казахстане и Центральной Азии, привлекла внимание журналистов 15 СМИ, в том числе ***"Казинформа", "Хабара", "Казахстана", "Казахского радио", газет "Панорама", "Журналист" и др. (27-28 ноября 2003 г.).***



О презентации публицистического наследия известного общественного деятеля, дипломата Михаила Ивановича Исиналиева, состоявшейся во Дворце студентов им. У.А. Джолдасбекова, сообщили ***"Казинформ", КТК, газ. "Қазақ әдебиеті" (12.12.03г.), "На страже" (18.12.03 г).***

Юбилею Учебно-вычислительного центра КазНУ посвящено интервью начальника УВЦ У.А. Тукеева *"40 лет развития: от ЭВМ до корпоративной сети"* в газете ***"Наука и высшая школа Казахстана" (01.12.03 г.).***

Ярким событием этого месяца стало проведение студенческого фестиваля "Мой Казахстан!". Как отметил заместитель акима Бостандыкского района Ж.Т. Сакенов в интервью "***Казахскому радио" (10.12.03 г.)***, этот фестиваль с каждым годом становится более интересным, масштабным и красочным. В этом году телерадиокомпания "Казахстан" посвятила фестивалю целую программу в передаче "Достык" (***ТРК "Казахстан", 18.12.03 г.).*** Фестиваль также освещали ***"Казинформ", НТК, газ. "Алматы ақшамы" (10-13 декабря,2003 г.), "Ана тілі" (18.12.03 г.).***

Факультет экономики и бизнеса провел Международную научно-практическую конференцию "Государство и бизнес в XXI веке", посвященную 70-летию КазНУ ***("Казинформ", "Казахское радио", КТК, "Қазақстан-ZAMAN", 05.12.03 г.).*** 11 декабря на этом же факультете состоялся "круглый стол" "Лизинг в Казахстане: опыт, проблемы и перспективы развития", в заседании которого приняли участие представители крупнейших лизинговых компаний страны. Об этом сообщили ***"Казинформ", "Казахское радио", КТК (11.12.03 г.).***

Серьезный интерес со стороны СМИ вызвал еще один "круглый стол" на тему "Расширение Европейского Союза: реалии и перспективы", который проводился Центром европейской документации КазНУ им. аль-Фараби совместно с Представительством Европейской Комиссии в РК.

Газета ***"Жас алаш" (12.12.03 г.)*** сообщает о прошедших в КазНУ творческих встречах с известным писателем Казахстана Азилханом Нуршаиховым и лауреатом Государственной премии Темирханом Медетбековым.

И завершить обзор хотелось бы приятной новостью, которая подтверждает высокий статус ученых КазНУ. "Казахский профессор по истории Германии" – под таким названием появились статьи в немецких газетах ***"Neue Westfalische Zeitung" и " Westfalen-Blatt" (ноябрь 2003 г.)*** в результате пребывания в Билефельдском университете земли Северный Рейн-Вестфалия доктора исторических наук, профессора, заведующего кафедрой КазНУ Калкамана Жумагулова.

И, конечно же, нельзя не сказать и об успехах наших студентов, отмеченных средствами массовой информации. Победителями 2-й Независимой научной Олимпиады, проведенной молодежным интеллектульным клубом "Almaty Trends", стали студент 2 курса факультета журналистики Руслан Болебай и студентка факультета экономики и бизнеса Эльвира Темешова.

Несмотря на то, что в декабре в университете было заявлено на освещение в СМИ 12 мероприятий, что в принципе свидетельствует о хорошей манере наших руководителей подразделений – не откладывать серьезные дела на конец года, тем не менее КазНУ по-прежнему оставался в центре информационной повестки дня средств массовой информации.

**P.S.** Пресс-служба КазНУ им. аль-Фараби поздравляет все подразделения университета с наступающим Новым годом. Желаем всем крепкого здоровья, успехов в работе и новых интересных и ярких событий и информационных поводов.

**Пресс-служба КазНУ**

Мәселе

Ұзын-сонар көше бойына ол қара қапшығын арқалап тағы шықты. Көңілінде жылтыраған бір үміт бар. “Бүгінгі табысым қандай болмақ? Ғайыптан тайып бір миллионер кездессе екен. Өзімнің бір үзім нанға зар болатынымды біліппен бе?” Ол көше бойындағы бір топ жастар арасына еріксіз еніп кетті. Қаракөз қыздарымыз бен қол-аяғы балғадай жігіттеріміздің күн көріс көзіне айналған бұл қандай көше?!.



Руслан БӨЛЕБАЙ, ҚазҰУ-дің 2 курс студенті

# ЖАСТАР НЕГЕ ЖҰМЫССЫЗ?

...Ол – Сейфуллин көшесі. Қайткенде де нан тауып, күн көрудің қамына кіріскен бойжеткендеріміз осы көше бойында көлеңкелі жолдармен ақша табуға кірiскелі қай заман. Ал, тепсе темір үзетін жас жігіттеріміз үшін бұл мекен тұрақты орынға айналғандай.

Қазіргі кезде еліміздің ертеңін алаңдатып отырған басты мәселелердің бірі - жастар жағдайы. Қоғамымыздағы жастар мәртебесі қандай? Қазір Парламент қарауында жатқан “Мемлекеттік жастар саясаты туралы”Заң жобасында 14 пен 29 жас аралығындағы азаматтар жастар қатарына енгізілген. Ал, Қазақстандағы жастар саны 4 миллион 270 мың адамды құрайды екен. Жұмыссыздардың дені де осы жастар ішінен.

Жұмыр жерді мекендеген адамдар екіге бөлініп барады: байлар байыған үстіне байи түссе, кедейлер күн көре алмайтын халге жеткен. Кешегі алапат кезеңнен суырылып шықсақ та, бай мен кедейге бөлінетін ескі заманның сарқыншағы әлі де бар. “Аузы қисық болса да, бай баласы сөйлесін!” Бұл бүгінгі жастар арасында белең алған тактика. Жастар өзара бөлініп, топ құрып жүреді. Әрқайсысының өз теңі бар. Әдетте, дөкейдің балалары айналасына өзі секілді қалтасы қалың достарын жинай бастайды. Ал, әлеуметтік жағдайы төмен отбасында өскен азамат қоғам өмірінен шеткері қалып қойып жатыр. Әуелі әлеуметтік жағдайымыз түзелмесе, ел еңсесінің көтерілуі екіұдай. Бүгінгі күнді ертеңге жалғар күретамыр – жастар мәселесінің маңыздылығы да осында болса керек.

Жастар арасында орын алып отырған маңызды мәселенің бірі - жұмыссыздық. Ал, жұмыссыздық - қоғамның бұзылуына әкеп соғатын бірден-бір фактор. Қазақстан Республикасы Жастар саясаты департаментінің бөлім бастығы Саят Нұрахметовтың айтуынша, еліміздегі жұмыссыз жастар 545 мың адам, бұл

***2002 жылы ресми түрде тіркелген жұмыссыздар саны 700 мыңға жеткен. Яғни, еліміздегі еңбекке жарамды, қол-аяғы балғадай қыз-жігіттеріміздің әрбір сегізіншісі жұмыссыз қалған.***

бүкіл жастардың 75 пайызын құрайды екен. Бір ғана Астана қаласында екі мыңнан астам орын бос тұрған көрінеді. Ал, тіркелген жұмыссыздар саны 800-дей ғана. Бірақ, жастар әлі күнге дейін жұмыс таңдап жүр. Олар 10-15 мың теңге төңірегіндегі жалақыны азсынады. Жалақысы көп жерде жұмыс болса, сонда сұранады. Осы орайда Ыбырай Алтынсаринның “Аз жұмысты қиынсынсаң - көп жұмысқа тап боласың. Азға қанағат қылмасаң - көптен құр қаласың” деген сөзі ойға оралады.

2002 жылы ресми түрде тіркелген жұмыссыздар саны 700 мыңға жеткен. Яғни, еліміздегі еңбекке жарамды, қол-аяғы балғадай қыз-жігіттеріміздің әрбір сегізіншісі жұмыссыз қалған. Ал, жұмыссыздық жайлағалы бері жұмысқа шақырған жарнамалар қатары күрт көбейіп кетті. Ол не батпан құйрық?!. Оның ішінде шет елге шақырған жарнамалар да бар. “Жасы 25-ке дейінгі әдемі қыздарға – жоғары табысты жұмыс!” деген жарнама-парақшаларға көзіміз талай сүрінген. Шындығында, бұл қыз-келіншектерді жезөкшелікпен айналысуға мәжбүрлейтін лас әрекет. Соңғы мәліметтерге сүйенсек, әлемде жыл сайын 4 миллион адам еңбекке жегіледі екен. Тек 1997 жылдың өзінде Еуропаға 175 мың адам заңсыз әкетілген. Олардың тағдыры не болды? Бұл жағы белгісіз. Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысы Кофи Аннаның жолдауында жұмыссыздық - жастардың ең бірінші проблемасы деп көрсетілуі тегіннен-тегін болмаса керек. Сондықтан да, оның ұсынысымен 10 қараша – Халықаралық жастар күні бұдан былайғы уақытта жастардың жұмыссыздыққа қарсы күрес күні деп аталып өтетін болады.

Сонымен, жұмыссыздық мәселесі республикамыздың барлық өңірінде өршіп тұр. Жағдай тек Батыс Қазақстан облысында көш ілгері сияқты. Батыс Қазақстан облысының жастар ұйымдары әлеуметтік жобаларды жүзеге асыру үшін жыл сайын 100 миллион теңгеден астам қаражат алады. Жастар ұйымдарының жетекшілері де бірінші кезекте жұмыссыздықты жою керек деген шешімге келген. Ақтау қаласында жоғары білімді жастардың көбі бүгінде жұмыссыз жүр деген принципті негізге ала отырып, сол өңірде бизнес орталықтарын ашу арқылы жастарға жаңа жұмыс орнын толықтыруды қолға алған. Осының айғағындай, Ақтау қаласында биыл тұңғыш жастар орталығы ашылды. Жастар мәселесімен тікелей айналысатын орталықты жастардың өздері “Арман” деп атауды ұйғарған.

Ал, басқа өңірлердегі жағдай “баяғы жартас - сол жартастың” күйін кешіп тұр. Бір ғана игі бастамамен еліміздің барлық өңіріндегі жұмыссыздық мәселесі шешіле қалмайтыны рас. Дегенмен де, жұмыссыздық қоғамның қай кезеңінде де болмасын орын алып отыратын жайт. Шешілмейтін мәселе жоқ. Ал, бүгінгі жастардың жұмыссыздық мәселесін шешу үшін ең алдымен жастар арасында өзара түсіністік керек секілді. Себебі, біреудің жоғын біреу ән салып жүріп қана іздейді емес пе?!.

Бүгінгі болмыс

# СТУДЕНТ ҚАЛТАСЫНЫҢ ҚАУҚАРЫ ҚАНДАЙ?



Жігер СӘРСЕНОВ, ҚазҰУ-дің 2 курс студенті

***Бүгінде 14 миллионнан асатын республика халқының 30 пайызы жастардың үлесінде. Соның ішінде тек 18 бен 19 жас аралығындағы жастар саны 3 миллионнан артып жығылады екен. Ал, жоғарғы оқу орындарымызда 500 мыңнан аса студент оқиды.***

Қай қоғамда да болмасын, әр елдің жас буыны оның ертеңін сипаттап беретін, керек десеңіз, келешегін сомдаушы айқын бейнесі екені даусыз. Осы орайда, көбінесе күн-түн демей айналдырған 4-5 жылда оқып-біліп қалуға жанталасатын студент қауымы назарға көп ілінеді. Себебі, бүгінгі студенттің елдің ертеңгі өміріндегі саясаты мен экономикасынан ойып отырып алар өз еншісі тұр. Бізден оқ бойы озып кеткен алдыңғы қатарлы мемлекеттердің ізденушілері жайлы сөз қозғау тіптен басқаша.

Алдымен өзімізге келейік. Қазіргі таңда жоғарғы оқу орындарының қай-қайсысында болмасын мемлекет тарапынан толық қамқорлық көріп жүрген студенттер бар деп айтудың өзі қиынға түседі. Тіпті, студент қауымының түгелдейін де солай қарастырсақ артық етпейді. Себебі, мәселенің бәрі олардың әлі күнге дейін ата-анасының мойнына мініп, там-тұмдап жинағанып әрі азығы, әрі киімі, одан қалса оқуына жаратуында әншейінде көзге көрінбейтін ұсақ-түйектерде жатыр. Соңғы кездері студенттің жол жүруінің өзі қияметтің қайымына айналды. Қазір көшедегі троллейбустар мен трамвайлар үшін студентке арналған тегін жолақы билеті әлі қолданыста келеді. Бір айға жететін бұл билеттің құны 700 теңге. Ол да оңайлықпен сабасына түскен тариф емес. Бір кездері 970 теңгеге шарықтап, студент қауымының зәресін алған кезде ел ертеңі өкілдерінің мәслихат өткізіп, наразылық білдіргені бар. Қалалық шенеуніктер олардың өтініштеріне назар аудармағанда, заңды түрде наразылық шеруінің бұрқ ете қалу қаупі біртабан жақын тұр еді. Ал, сол кезде “Алматыэлектротранс” кәсіпорнының басшылары айына қанша билет сатылып, оның қаржысы қайда жұмсалатынын тілшілерге айтудан бас тартқанын ескерсек, жасырын саясаттың бүйрегі қай жаққа бұрып тұрғанын аңғару қиын емес.

Қалған қоғамдық көліктер үшін, яғни автобустар мен арнаулы бағыттардағы таксилерде жағдай өзгеше. Автобус билеті 25, қалғандары 35 теңге. Студент бұл екеуіне қойнындағы құжатының арқасында 15 және 20 теңгеден төлей алады. Бірақ бұның өзі де студентті әлі күнге дейін қарқ қыла қойды деу ерте. Мәселен, егер ол қала шетінде орналасқан ықшам аудандарға шығу үшін билеттің толық құнын төлеуге мәжбүр. Оған қоса демалыс пен мереке күндеріндегі бағытты таксилерде студенттік құжаттың жарамсыз болып қалуын тағы қосыңыз. Сонда бұл күндері былайғы студент “студент” деген атауынан ажырап қала ма деген ой туады. Жоғары жақтағылар мен мекеме басшылары осыны неге қаперіне алмайды екен? Қарашаның соңы таяғанда әлгі арнаулы таксилеріңіздің кейбірі 40 теңгеге бірден аспандады. Студентке 25-ақ теңге...

***Бұл орайда арнаулы бағыттардағы көлік жүргізушілері үшін студентке қарағанда билет құнын толық төлейтін қарапайым жолаушы әлдеқайда тиімді. Сондықтан ара-арасында студент кезіккен жерге көз қиығын салмай екпіндеп өте шығулар жиі ұшырасады.***

Қазір қала халқының көпшілік бөлігі қоғамдық көліктерді пайдаланады. Қала орталығындағы аялдамалардағы таңертеңгі және кешкісін қашан көрсеңіз де құжынап тұратын адамдардан осыны аңғарамыз. Бұл орайда арнаулы бағыттардағы көлік жүргізушілері үшін студентке қарағанда билет құнын толық төлейтін қарапайым жолаушы әлдеқайда тиімді. Сондықтан ара-арасында студент кезіккен жерге көз қиығын салмай екпіндеп өте шығулар жиі ұшырасады.

Қазір қалалық автобустар үшін бір кездері қолданыста бар бір айлық студенттік тегін жолақысы да пайдаланылмайды. Ал, бұл заманда автобус – үйден қатынайтын студенттер үшін таптырмайтын көлік болып тұр!..

Жалпы, студенттің тек жол ақысын қоспағанның өзінде бір күнге шамамен 150 теңгеден аса қаражат керек екен. Сонда бір айға, сосын бір жылға қанша кетерін енді есептей беріңіз. Осы орайда қаражат мәселесіне келгенде шәкіртақы да бірінші кезектегі тақырып ретінде менмұндалайды. Қазір 5-ке оқитын қарапайым кез келген студент үшін оның құны 2400 теңгені құрайды. Бұның өзіне де қолы жетпейтіндері қаншама? Ал, 2400 теңгені тек студент ішіп-жеміне ғана жұмсады дегеннің өзінде, ол бір айға жетер-жетпес ақша ғана. Жоғарыда отырған халық қалаулылары ақжем болып, жауыры шыққан бұл мәселе төңірегінде ауыздарын ку шөппен сүртумен әлі келеді. Болашақта, тіпті, келер жаңа жылдан бастап зейнетақымен қоса шәкіртақының да мөлшері 5000 теңгеге жетедімыс деген дүдәмәл ойдың айтылғаны қашан. Студент қауымы соны асыға күтіп жүр. Бірақ, уәде құрғақ қалмаса игі. Мысалы, бір ғана Оңтүстік Корей мемлекетінде шеттен оқып жатқан студенттер үшін ай сайын 230 доллар көлемінде шәкіртақы берілетінін сонда оқып жатқан өз студенттеріміз арқылы сұрап білдік. Әрине, бұл біздің елмен салыстыруға келмейді.

Биыл қарашаңырақ өзінің 70 жылдық мерейтойын өткізуге қызу әзірлік үстінде. 17 мыңнан астам студенттің, соның ішінде қолында “кәртішкесі” бар ізденушілердің арасында “шәкіртақы да біршама қарыштап өседі екен” деген үміт сыбыстары күннен-күнге артып барады. Әліптің соңы немен тынады екен?..

Ойкөкпар

# ЭТНОБӘСЕКЕЛЕСТІКТЕ АЛҒА СУЫРЫЛЫП ШЫҒУ РУХ ПЕН НАМЫСҚА ТӘУЕЛДІ

1986 жылы 17-18 желтоқсандағы Алматыда Брежнев алаңында өткен оқиға қазақ жастарының тоталитаризм бұғауына қарсылықпен төтеп берген өшпес ерлігін айғақтап, ұлттық рух пен намыстың көрінісі егемендікке қол жеткізудің бірден-бір алғышарты болғаны баршаға аян. Бүгінгі таңда осы оқиға жайында көптеген әдеби-публицистикалық шығармалар, көркем және құжатты фильмдер өмірге келді. Соның өзінде кейбір деректердің ақиқи арнасы ашылмады деп айтушылар да бар. Барлық гәпті “жоғарыдағылардан” іздейтіндей. Мүмкін ол солай да болар. Дегенмен...



Кәмшат СӘТИЕВА, ҚазҰУ-дің 1 курс магистранты

Қай қоғамда болмасын, “бүгінгі жастар бұзылған” деген сарындағы атүсті, шалажансар диагноз алдыңыздан шығары сөзсіз. Түйнектің түйініне ғана шүйілуге бейімбіз. Оның ара-жігін ажыратып жатуға уақыт жоқ секілді. Өкініштісі сол, кейбір аға буын өкілдері сексен алтыда белсенділігімен танылған Ғани Мұратбаев ізбасарларын нашақорлық, маскүнемдік, мәңгүрттік дерттерімен айыптап, үстеріне жұғынды төгуге бейім тұрады. Сырт көздің біздің ел жастарын осындай бет-бейне, болмыс-бітімде қабылдап жатқаны аянышты-ақ ахуал. Менінше, Ақселеу Сейдімбек ағамыздың “Ойтолғақ” атты кітабында осы мәселенің себеп-салдары ап-анық жеткізілген. Онда былай делінеді: “XX ғасырдың ең үлкен қылмысы - социалистік жүйенің тоталитарлық өктемдікпен екі жүзден астам ұлтты мидай араластырып жіберуі еді. Нәтижесінде жүзге тарта ұлттар мен ұлыстар мүлде жойылып кетті. Яғни, жүзге тарта төлтума мәдениет жоқ болып, жұмыр жердің мәдени-рухани болмысы солғын тартты. Осынау жойқын да жойдасыз қасіреттің орнында мыңдаған жылдар бойы қалыптасқан төлтума мәдениетті әбден таптап, өздері химералық күйге жеткен 300 миллион тобыр қалды; басқа ұлтпен некелескен 60 миллион дүбара қалды; 600 мың тірі жетім балалар қалды; абақтының “тұрақты тұрғындарының” саны 20 миллион адамға жетті.

Осының бәріне қоса, социалистік системаның бір ғана пайдасын айтпай кетуге болмайды. Ол - социалистік жүйенің тарих сахнасында болуы арқылы адамзат баласы бұдан былай қандай қателікті қайталамау керек екенін мықтап есінде ұстайтын болды”. Міне, кешегі Желтоқсанда дүбірлетіп шыққан қазақ жастары осыны көре және бағалай білді. Ұлттығымызды жоймау үшін күресті.

XXI ғасыр - ақпарат пен жаңа технологиялар дәуірі. Оған интеграциялық процесс пен жаһандану барысы кезеңінде қазақ елі егемендіктің туын биікке көтере енді. Бұрын біз біреуге иек артып қарайтын болсақ, енді біреулерге біз жөн сілтейтін, бағдар беретін этнос болып танылдық. Жауапкершілік жүгі ауырлай түсті. Әлемде жаһандану азуы айқара ашылып тұрған сәтте елдігімізді сақтай аламыз ба деген сауал әрбір қазақстандық азаматты, әсіресе, қазақтың жадында әр кезде қайталанып отыруы тиіс. Бұл орайда Елбасы Н.Ә.Назарбаев: “Жаһанданудың да құбылыс ретінде толып жатқан жетістігі мен толып жатқан кемшілігі бар. Әлемдік тәжірибедегі жақсылық атаулыны бойға сіңіру және әлеуметтік-экономикалық прогресс жолына біздің терең тамырлы ұлттық дәстүрімізді жұмылдыру - міне, табыстың кілті, міне, Қазақстанның тұрақты да гүлденіп көркейетін жолы”, - деп атап өткен еді. Сондықтан да ұлттық қадір-қасиетімізге жүрдім-бардым қарауға болмайды.

Бір қынжылтатыны, арамызда ұлттық дәстүр, ұлттық арақатынас туралы мәселе көтерушілер әрекетіне әлі де болса солақай ұстаныммен қараушылар табылып қалады. Сөзіміздің мысалы ретінде бұқаралық ақпарат құралдарында көрініс тапқан Н.Масанов, П.Своик, Н.Әмірқұлов, С.Жүсіпов сынды азаматтардың ой-пікірлерін айтсақ та жеткілікті. Осы ретте саясаттану профессоры Лайық Байділдиновтың “Этномәдени құрылым” атты мақаласында айтылған мына пікірдің жаны бар: “Бұрын қазақ ауылы бір-бірінен шалғайда жатса-дағы біртұтас еді. Өзге этностар олардың арасынан орын теуіп, өзінің мәдениетін, салт-дәстүрін кіріктірді. Сөйтіп, бүгінгі қазақтың әлеуметтік тұлғасының жұлым-жұлымы шықты. Этномәдениеттілігімізден аза бастадық.” Міне, біз осындай қалпымызбен XXI ғасырға аяқ бастық. Мүмкін жоғарыдағы ұлт болмысына қарақшылық көзбен қарайтын авторлардың табылып қалатыны да осыдан болар. Ендеше, еліміздің негізгі принциптерінің бірі - ұлт тұтастығы болмағы шарт. Сондықтан ұлттық мәдениетіміз бен руханиятымызды ашық, зайырлы қоғамның мүшесі ретінде ең алдымен өзіміз қолдауымыз тиіс. Яғни, сөз, қағаз жүзінде емес, іс жүзінде танытсақ, оның нәтижесінің жемісін көрер едік. Сондықтан ұлт мәселесін саясаттың құрамына емес, жаппай өзіміздің дүниетанымымыз бен күнбе-күнгі тіршілікте көрініс табатындай құндылығымызға айналдыруымыз керек.

Қытайдың “Қытай асханасы” атты ашық жариялаған жобасында: “Біз өзге елге қытайлықтардың мәдениетін, өнерін, ұлттық қырларын танытпастан бұрын, ең алдымен отандық тауарларымыз, өнеркәсіп өнімдеріміз арқылы жергілікті тұрғындар санасын жаулап барып қарым-қатынасқа түсуіміз керек”- делінген. Қазір қытайлар әлемде қанша ел болса, соншасынан орын теуіп еңбекқор, білікті, бәсекеде мықты этнос екендігін дәлелдеуде. Яғни, бұл жоғарыдағы жобаның нақты нәтижесі деген сөз. Демек, бізге де елімізде біліктілікті, білімді арттыру маңызды міндет. Елбасымыз реформасындағы оқу орындарын жаңа технолгиямен қамтамасыз ету, ауылдан келген жастарға, оралмандарға квота бөлу сияқты іс-шаралар ретін осы елдік мәселені жүзеге асыру әрекеті деп білген дұрыс.

Оралхан ағамыздың мынадай қара сөзі бар: “Теңіз шетінде қырдан домалап түскен нар тастар жатады. Теңіз толқыса су ішінде, қайтса құрлықта қалады. Ол тастың екі отаны бар. Бірақ екеуі де оны мойындамайды”. Сол секілді болашақта Қазақстан егемендігі тек өзімізге ғана керек екені анық. Ендеше, бүгінгі қазақ жастары кешегі Желтоқсандағы рух пен намысты этнобәсекеге түсе алу үшін пайдаланып, елге тірек болу жолында білімпаздық, біліктілік, кәсіби шеберлік сияқты қасиеттерді еңбекқорлықпен ұштастырып, оны жүрек дүрсілінің ұранына айналдыруы тиіс!



Қазақ университеті





**Сұхбат**

Өнерді бағалаған қазақ елі қашанда дарқан көңілімен дара ұлдарын өсіріп, талanттардың қанатын қатайып келеді. Тек қана өзіміздің тарланбоздарымызды ғана емес, өзге ұлт өкілдерінің өршілдік лебі байқалған өнерпаздарын да қадірлей білген кең халық емеспіз бе?! Өйткені, біз ішкі тұрақтылықты, татулықты, сыртқы ынтымақтастық пен бірлікті қалайтын елміз. Сондықтан да болар, университетіміз осы жолда, осы мақсатта аянбай еңбек етіп келеді. Енді соның бір айғағына тоқталсақ.



**Юрий КОПНОВ:**

# “Мен арманыма жеттім!”

**Таяуда, дәлірек айтсақ, үстіміздегі жылдың қараша айының 28-29 жұлдызы аралығында Шымкент қаласында дәстүрлі өтетін Ш.Қалдаяқов атындағы “Менің Қазақстаным” халықаралық байқауына университетіміздегі эстрадалық ән үйірмесінің жетекшісі Юрий Копнов қатысып, жоғары орындаушылық шеберлігі үшін ІІ-орынмен қоса лауреат атағын жеңіп алды. Университетімізге ғана емес, елімізге абырой әкелген Юрий Копновпен фестивальдегі әсері жайында әңгімелесудің сәті түсіп еді.**

**- Бұл байқауға қатысу үшін қандай талаптар қойылды?**

- Әрине, ең бастысы тірі дауыспен, яғни оркестрмен таза дауысты шығару басты талап болды.

**- Халықаралық байқауға келген қатысушылардың жалпы саны қанша еді?**

- Барлығы 34 әншіні құрады.

**- Өзге елдер алдында біздің деңгейіміз төмен түскен жоқ па?**

- Біздікі, керісінше, жоғары болды. Олар бізге қарап бастарын шайқап жатты. Оның үстіне, мен орыс ұлтынан болғандықтан қазақша қалай айтып жатыр деп барлығы елең ете қалды.

**- Қазақша ән айтуыңа кім себеп болды және қандай әндер шырқадың?**

- Ешкім де ықпал жасаған жоқ. Өзімнің қалауым. Байқаудың бірінші күні Шәмші Қалдаяқовтың “Отырардағы той” әнін шырқадым. Ал екінші күні Нұрғиса Тілендиевтің “Өз елім” әнін орындадым.

**- Сіз үшін бұл байқау қандай әсер қалдырды?**

- Талай өнерлі адамдармен таныстым. Өзге елдердің әншілерінен көп мағлұмат алдым. Ең бастысы, талайдан бері ойда жүрген арманыма жеттім. Көп ойланып, толқып жүргенде байқау көзді ашып-жұмғанша өте шықты. Бір қызығы, көп адамдар маған таңданып қарады. Көбісі бастапқыда: “Сен қазақша қалай айтасың?” деп сұрақ қойып жатты. Мен: “Несі бар, Алла бұйыртса, айтып шығамын”,- дедім.

**- Сіздің алға қойған мақсаттарыңыз?**

- Кәсіби әнші болу. Шәмшінің бүкіл әнін орындау.

Міне, мемлекеттік тілге құрметпен қарайтын Юрий Капновтың бұл жеңісі өз ұлтымыздың өгей ұлдарына үлгі-өнеге боларлық жағымды мысал. Біз оған қай кезде де мерейің үстем болсын, өнерің өрге жүзе берсін демекпіз.

**Ысқақ ЕГЕМБЕРДИЕВ**

**_Қолтаңба_**

*Қазақтың сөйлегенде бәрі дана:*
*Жас дана,*
*Бала дана,*
*Кәрі дана...*
*Сазымен тәмам жұртты таңдандырған*
*Сары үйсін,*
*Сары Юра,*
*Сары бала!*

**Исрайл Сапарбай**
**29.11.2003**

**Төл баспамыз тартуы**

# БАТЫР ЕСІМІ ҰРПАҚ ЖАДЫНДА




Аты аңызға айналған, тарихта Абылай ханның ту ұстаушы бас батырларының бірі ретінде айтылатын халық қаһармандарының бірі — Наурызбай батыр. XVIII ғасырдағы қазақ елінің жоңғарларға қарсы ұлт-азаттық күресінің көрнекті қаһарманы Шапырашты Наурызбай Құтпанбетұлы туралы қазақ совет энциклопедиясында мынадай мәлімет беріледі:

“Наурызбай Құтпанбетұлы (1706-1781) — жоңғарларға қарсы күрескен батыр. Ұлы жүздің Шапырашты тайпасының Телеміс руынан. Абылай ханның ту ұстаушы үш батырының (Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Шапырашты Наурызбай) бірі. Қолбасшы — он мың басы. Наурызбайдың өмірі жоңғарларға қарсы соғыста өткен. Жоңғарлармен соғыста оның Құдайберген, Шолпан, Дүйсен деген үш бауыры бірдей қаза болған. Наурызбайдың 1729 ж. Шамалхан мен Қаскелеңді жекпе-жекте жеңген ерлігі қазақ даласына кең тараған. 1750-1752 жылдары ол Бәсентиін Малайсары, Қыстық Малай, Шапырашты Қасқары батырлармен бірге жоңғарларды Тұрфаннан асыра қуып, жеңіске жеткен, көп қазақты тұтқыннан босатқан. Наурызбайдың Онтағар, Жақсылық, Шәшке деген балаларынан тараған ұрпақ XX ғасырдың 30-жылдары үш жүз түтінге жеткен. Олар Алматы облысының Жамбыл, Қаскелең, Талғар, Іле және Еңбекшіқазақ аудандарын мекендеген”.

Қазақ халқының тәуелсіздігі үшін күрескен батыр бабаларымыздың ерлігін тарих қойнауынан алып, келешек ұрпаққа жеткізу, халық қазынасына айналдыру — біздің абыройлы міндетіміз. Осы орайда үстіміздегі жылдың 8 қазаны күні әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Шапырашты Наурызбай батырдың 300 жылдық мерейтойына орай “Ерлік - елге мұра, ұрпаққа ұран” атты ғылыми-теориялық конфенренция өткені бәрімізге мәлім. Жақында осы конференция материалдары “Қазақ университеті” баспасынан жеке жинақ болып басылып шықты. Жинаққа университет ректоры Т.Ә.Қожамқұловтың конференцияны ашарда сөйлеген сөзі, конференцияда негізгі баяндаманы жасаған ҚР ҰҒА Тарих және этнография институтының директоры, тарих ғылымының докторы, профессор М.Қойгелдиевтің, университет проректорлары, профессорлар Ж.Дәдебаев пен Н.Омашевтың, филология ғылымдарының докторлары Қ.Әбдезұлы, С.Негимовтың, т.б. философ, филолог, тарихшы, журналист ғалымдардың, қайраткерлердің, әдебиетші-зерттеушілердің баяндамаларымен қатар жер-жерден келіп түскен құттықтау хаттар да енгізілген. Журналистика факультетінің деканы, “Дарын” мемлекеттік сыйлығының лауреаты Бауыржан Жақыптың батыр баба тойына тарту ретінде жазылған “Шапырашты Наурызбай батыр”, ақын Ақан Әбдуәлиевтің “Бас батыр” өлеңдері де жинақтан орын алды. Жинаққа сонымен қатар Қазақ совет энциклопедиясынан, ел тарихының әйгілі тұлғалары жайлы жазылған “Елтұтқа” еңбегінен алынған Шапырашты Наурызбай батыр туралы деректер енгізілген. Бұқар жыраудың толғауларынан, Сүйінбай ақынның жырларынан, т.б. дерек көздерден алынған Шапырашты Наурызбай батыр туралы, жоңғар шапқыншылығы туралы түрлі үзінділер де жинақты байыта түседі. Жинақ материалдарында қазақ халқының жоңғар басқыншыларына қарсы күресіндегі Наурызбай батырдың ерлігі сол кездегі тарихи оқиғалармен, жеке тұлғалармен тығыз байланыста қарастырылған.

Л.С.ДҮЙСЕМБЕКОВА,
ф.ғ.к., Тілдерді дамыту бөлімінің бастығы

**Шекараның арғы беті**

# ЕУРАЗИЯЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТТЕР КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

Жақында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ғалымдары М.В.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің 250 жылдық мерейтойына арналған “Университеттер мен қоғам. XXI ғасырдағы университеттер ынтымақтастығы” атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция жұмысына қатысып қайтты.

Мәскеу мемлекеттік университеті мен Еуразиялық университеттер қауымдастығы ұйымдастырған бұл конференцияның негізгі мақсаты – еуразиялық университеттердің күшін біріктіру арқылы қазіргі жағдайдағы университеттердің қоғамдағы алатын орны мен ұстанатын негізгі бағыттарын анықтау. Сонымен қатар, ең басты көзделген мәселе – әлемде, Еуразиялық кеңістікте университеттік білімнің маңызын жоғарылату, Ресей мен ТМД елдері арасындағы байланыстарды білім берудің жоғары сапасы арқылы нығайту болып табылады.

Халықаралық мәні бар бұл жиынға ТМД, Балтық мемлекеттері ректорлар Кеңестерінің жетекшілері, Ресей университеттерімен қоса, ТМД-дағы классикалық университет ректорлары, сонымен қатар, ТМД елдері университеттері кәсіподақ ұйымдарының басшылары қатысты. Бұл жиынға әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің атынан қатысқан профессорлар А.И.Купчишин мен А.И.Швыдко “Қазіргі заманғы университеттер: ынтымақтастық арқылы тұрақты даму стратегиясы”, профессор А.Г.Сармурзина “Пәнаралық білім беру бағдарламалары: академиялық мобильдік интеграцияның мүмкіншіліктері” атты тақырыптарда баяндама жасады. Университеттердің кәсіподақ ұйымдарының еуразиялық қауымдастығының мүшесі, “Парасат” кәсіподағының төрайымы М.Т.Мұқашева “Экономиканың жаңа белестері – кәсіподақтар үшін жаңа мүмкіндіктер” атты тақырыпта сөз сөйледі. Мұнда Қазақстан экономикасының бүгінгі таңда алға қарай дамып келе жатқандығы, соған сәйкес университеттегі кәсіподақ жұмысының жанданып келе жатқандығы туралы айтылған. Әсіресе, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің “Парасат” кәсіподағы университет қызметкерлерінің құқын қорғап, әлеуметтік жағынан қолдау көрсетуде, салауатты өмір салтын насихаттауда едәуір жетістіктерге жетіп жатқандығы көрсетілді. “Біздің басты мақсатымыз – университет басшылығымен біріге отырып, әлеуметтік маңызды мәселелерді шешу, жаңа экономикалық жағдайда жұмыстың пәрменді де қажетті формаларын таба білу”,- делінген баяндамада.

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ әлемдік білім кеңістігіне енген тұста мұндай халықаралық басқосуларға қатысу, білім салсындағы еуразиялық қауымдастықтарға мүше болу, сол арқылы өзіміздің білімізіміз бен тәжірибемізді өзгелерге паш ету білім мен байланыс көкжиектерін кеңейте түсері сөзсіз.

**Ғ.АҚСЕЙІТ**

**ОБЬЯВЛЕНИЕ**




Лига КВН КазНУ им. аль-Фараби и профсоюз “Парасат” приглашает всех на игру КВН “Кубок ректора КазНУ им. аль-Фараби” среди профессорско-преподавательского состава, которая состоится 24 декабря в16.00 часов во Дворце студентов им. У.А. Джолдасбекова.

**С уважением,
профсоюз “Парасат” и Лига КВН
КазНУ им. аль-Фараби**

**Сүйінші!**

# Тырнақалды туынды




**Таяуда “Аркас” баспасынан әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Журналистика факультетінің 4 курс студенті Бейбіт Сарыбайдың “Айна” деген атпен тұңғыш жыр жинағы жарық көрді. Бұл кітапта өлеңдер, поэма, әңгімелер топтастырылған. Келешегінен үлкен үміт күттіретін жас ақынға талмас қанат, шалқар шабыт тілейміз.**

**Нұрлан ЖҰМАХАН**

*Фотоэтюд*



МАМЫРЖАННЫҢ фотосы

**Айжан БӘКІРОВА, ҚазҰУ-дің 1 курс магистранты**

*...Орнағанда сол тыныштық бар маңға,*
*Бәлсінудің керегі не жалғанда?!*
*Жүзім қыздың түсінерсің қадірін,*
*Кейін, кейін... мейіз болып қалғанда.*

*Б. ШЕГЕБАЙҰЛЫ*

**ҚҰРЫЛТАЙШЫ:**

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты және журналистика факультеті.

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат министрлігінде тіркеліп, № 1242 куәлік берілген.

**АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:**

Т.Ә. ҚОЖАМҚҰЛОВ - ректор;
Н. ОМАШҰЛЫ - проректор;
Б.Ө. ЖАҚЫП - декан;
Е.Ж. ӘБІЛҚАЙЫРОВА - ғылыми кітапхана директоры;
М.Т. МҰҚАШЕВА - “Парасат” кәсіподағының төрайымы;
Л. ҚАЙЫПОВА - студенттердің ``Сұңқар`` кәсіподағының төрайымы.

**РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:**

*Бас редактор* - **Бекжан Әшірбаев;**
*Бас редактордың орынбасары* - **Нәйлә Садықова;**
*Жауапты хатшы* - **Дариға Амангельдиева;**
*Теруші* - **Айтгүл Бабасова;**
*Көркемдеуші-беттеуші* - **Айдын Әбдібекұлы;**
*Фототілші* - **МАМЫРЖАН;**
*Кезекші редактор* - **Ысқақ Егембердиев, Руслан Бөлебай.**

**МЕКЕН-ЖАЙЫ:**

480078, Алматы,
әл-Фараби даңғылы,71,
ректорат, 11-қабат,
№1104 бөлме.
Байланыс телефоны: 47-29-29,
ішкі: 11-94, тікелей: 47-05-67.

*Нөмір редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. “Полиграфсервис” баспаханасында (Жандосов көшесі - 55) 23.12.2003 жылы басылды.*

Бағасы келісім бойынша.
Таралымы- 3000 дана.
Көлемі 2 б.т.
Индексі 65989.
№ 354 тапсырыс.

Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.

Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.

“Қазақ университетіне” жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.